

БҰЙРЫҚ № 57

02.09.2025 ж.

«Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру туралы»

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын іске асыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақша топтарында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік орта ұйымдастырылсын.
2. Әр топта келесі даму орталықтарының жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін:
 - сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
 - шығармашылық орталық;
 - кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
 - математика және логика орталығы;
 - зерттеу және тәжірибе жасау орталығы;
 - ұлттық тәрбие бұрышы;
 - құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
 - тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы.
3. Педагогтер дамытушы орталықтардың мазмұнын тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес толықтырып, жүйелі түрде жаңартып отырсын.
4. Топтардағы ойын және оқу материалдарының қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.

5. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші:

Н.А. Байхатова



«Дарын» ЖК «Happy Kids» балабақшасында 2025–2026 оқу жылындағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның ұйымдастырылуы анықтама

2025–2026 оқу жылында «Дарын» ЖК «Happy Kids» балабақшасында тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, жан-жақты дамуын қолдауға және жеке қабілеттерін ашуға бағытталған қауіпсіз, қолайлы әрі дамытушы заттық-кеңістіктік орта жүйелі түрде ұйымдастырылды. Дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып құрылып, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 3 топ жұмыс істейді. Әр топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай білім беру ортасы қалыптастырылып, тәрбиеленушілердің еркін әрекет етуіне, тандау жасауына және өз бастамаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жағдай жасалған.

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта келесі орталықтарды қамтиды:

- сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
- шығармашылық орталық;
- кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
- математика және логика орталығы;
- зерттеу және тәжірибе жасау орталығы;
- ұлттық тәрбие бұрышы;
- құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
- тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы.

Сюжеттік-рөлдік ойындар барысында балалар әртүрлі мамандықтар мен әлеуметтік рөлдерді меңгеріп, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Шығармашылық орталықта сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және құрастыру жұмыстарын орындау арқылы қиялы мен шығармашылық ойлауы қалыптасады. Кітап және сөйлеуді дамыту бұрышында көркем әдебиеттермен жұмыс жүргізіліп, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорды байыту және тілдік қатынас мәдениетін дамытуға жағдай жасалған.

Зерттеу және тәжірибе жасау орталығында балалар карапайым бақылаулар мен тәжірибелер жүргізу арқылы қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтеді, ал математика және логика орталығында салыстыру, топтастыру, санау және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Ұлттық тәрбие бұрышында халқымыздың мәдени мұрасы, салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары насихатталып, патриоттық тәрбие беріледі.

Балалардың психоэмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында топтарда жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылған. Педагогтер әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, қолдау көрсету арқылы олардың өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Тынығу және психологиялық жайлылық бұрыштары тәрбиеленушілердің демалуына, эмоционалдық жағдайын реттеуіне және өздерін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді.

Дамытушы орта санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес жабдықталған. Жиназдар балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалған, барлық оқу және ойын материалдары қауіпсіз әрі сертификатталған. Топ бөлмелерінде еркін әрі қауіпсіз қозғалыс қамтамасыз етіліп, өрт қауіпсіздігі талаптары қатаң сақталады.

Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған дамытушы заттық-кеңістіктік орта тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, шығармашылық әлеуетінің ашылуына, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, сондай-ақ эмоционалдық тұрақтылығының нығаюына қолайлы жағдай жасайды.

«Дарын» ЖК

«Happy Kids» балабақшасының меңгерушісі

Күні: 22.05.2026 ж.



Н.А. Байхатова